

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНАН ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕЙІН

Ежелден қазақ шаңырағының терең қайнар бұлағы мен күн сәулелі күмбезі Ұлы Дала болды. Құс қанаты талатын ұшы-қиыры жоқ кең жазира аймақта өмір сүрген батыр ата-бабаларымыз сыртқы жаулардың көптеген шапқыншылығына тойтарыс беріп, азат та бақытты ел туралы армандады. Алайда бүгін ақиқатқа айналған бұл ертегі іспетті болашаққа жету жолында қаншама тар жол, тайғақ кешу сынынан өтуге тура келді.

Тарихты тұлғалар жасайды деген ұғым бар. Егер біздің түркілік негіздерімізге жүгінсек, сонау Еділ (Аттила) патшадан бастап Ұлы далада тарих дамуына өзгеріс әкелген, ұлы істер жасап, қиын сәтте халық қорғаны болған жарқын тұлғалар аз болған жоқ.

Бабаларымыздың бұл тәкаппар рухы көшпелі жұрттың бай мәдени мұрасын, дәстүрі мен өмір сүру салтын, сондай-ақ Еділден Алтайға дейін ұлан-ғайыр аймақты мирас еткен қазақ халқы жүрегінде үнемі сақталды. Қазақ халқы мен оның этникалық жер аумағының көп ғасырлық қалыптасу үрдісі XV ғасырдың екінші жартысында аяқталды да, жазба деректерде «қазақ» есімі пайда болды. Сол дәуірде Ұлы дала тұрғындары арасында бұл сөз «азат кезбе» ұғымын білдіріп, қаһарлы көшпелілердің өмір сүру салтын айқын сипаттады.

Белгілі жазушы, ғылым және мәдениет қайраткері А.И. Левшин өзінің қазақтар туралы «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты іргелі зерттеуінде қазақ халқына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында бұрмаланған «қайсақ» сөзінің орнына «қазақ» сөзін қолдану керектігін жазды.

Ал, Тибет пен Орта Азияға ірі экспедициялар жасаған швед саяхатшысы, географ, жазушы Свен Андерс (СПб., 1911) қазақтар туралы былай деп жазды:

«... Олар өздерін «қайсақтар», яғни ержүрек жігіттер деп атайды және де өздерінің даладағы жеке өміріне өте мәз; олар үшін дүниеде еркіндіктен артық ештеңе жоқ, олар басшылық етуге ұмтылмайды».

Міне, сол еркіндік сүйгіш халық 550 жыл бұрын өзінің тұңғыш Қазақ хандығын құрды, ал шын мәнінде қазіргі қазақ мемлекетінің негізін қалаушылар болып Жәнібек пен Керей саналады.

Ғұлама ғалым, тарихшы М.Х.Дулати «Тарих-и-Рашиди» кітабында (Ташкент, «Фан» баспасы, 1966, 46-тарау): «855 (1451-1452) жылы Шыңғыс ханның баласы Жошыдан қалған Дешті Қыпшақ даласында Жошы ұрпақтарының бірі Әбілқайыр билік етті. Ол қайтыс болған соң адамдар арасында алауыздық басталып, жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханға – қазаққа қосылды» деп жазды.

Алдағы мерейтойдың саяси және қоғамдық мәні зор. Себебі Қазақ хандығы бұдан бұрынғылар немесе тарихи ата-бабалар емес, қазір өмір сүріп отырған халық құрған Орталық Азиядағы тұңғыш хандық болды.

Ол кездегі қазақтардың, әрине, шекара бағандары болған жоқ, бірақ олар өздері мекен еткен өңірдің қасиетті шекараларын абыроймен қорғады. Қазақтардың тіпті өз хандығын құрғанға дейін өз жазуы болды. Б.з.д. екінші ғасырға жататын қазақ тайпаларының 15 көне жазба ескерткіші «Талас руналары» деген атпен ғылымға белгілі. Ал VII-VIII ғасырларда үйсіндер Оғыз қаған туралы эпикалық поэма шығарған, оның түпнұсқасы 812-814 жылдарда жойылған, ал бұл шығарманың қайта қалпына келтірілген көшірмесі Париж ұлттық кітапханасының қорларында сақтаулы.

Қазақ хандығы кезінде араб әрпінде өз жазуы болды, өз теңгелері соғылды. Бұдан басқа қазақ хандарының дала заңдары жинағы болды, олардың ішінде ең белгілісі – Тәуке хан тұсында қабылданған «Жеті жарғы» заңы, сондай-ақ, билер соты, хан тағы мен тәжі болды.

XV ғасырдың ортасында қазақ даласында халықаралық қатынастардың айтарлықтай өріс алуы шетелдік байланыстардың да болғандығын айқын дәлелдейді.

Орыс деректерінде Мәскеу патшалары қазақ хандарын «қазақ патшасы немесе мемлекет басшысы» деп атаған. Айтпақшы, Қасым хан қайтыс болғаннан кейін кімнің билік басында қалғанын біліп беруін сұраған патшаның бір хаты бар. Тіпті парсы шахы біздің билеушілеріміздің бірін сұлтан билігінің иегері деп, ал Қырым ханын – туған інім деп атаған.

Қазақ хандығының мерейтойын атап өту біздің мемлекеттілігіміздің қайнар көздерін ашуы тиіс. Өйткені уақыт өте келе дәуір өзгереді. Біз бүгін ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіз мемлекетте тұрамыз.

Біздің бабаларымыздың мәңгілік халық, мәңгілік мемлекет құру туралы мәңгілік мақсаты бүгін Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясында жаңа мағынаға ие болып отыр. Рашид-ад-диннің: «Шыңғыс ханның жорықтарына қатысқан барлық түрік тайпалары тарихи тұрғыда түріктер болғанымен өздерін даңққа бөлеу үшін моңғолдар (мәңгілік мемлекет жауынгерлері)» деп жазуы бекер емес. Бұл ойын Рашид-ад-дин бірнеше рет қайталайды.

Бүгінгі Қазақстан тағдырын Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевсыз елестету мүмкін емес. Тәуелсіздіктің қалыптасуы мен бүкіл әлем таныған республиканың өркендеуі оның есімімен байланысты екендігі даусыз. Елбасы өзінің «Тарих толқынында» кітабында біздің тарихымызда қазіргі ұрпақ ұялатындай ештеңе болмағандығын жазады. Қазақ халқының тарихы ат тұяғымен жазылған. Тағы бір маңызды сәт – біздің бабаларымыз аман қалу үшін күресті, ал біз ұлы халық болу үшін күресуіміз тиіс.

Қасіретті тоталитарлық кезеңде түріктер тарихын әділ зерттеп, ғылымға жаңа леп қосқан атақты тарихшы-ғалым Л.Н. Гумилев кеңес империясы құлаған кезеңде Еуразия кеңістігінде пассионарлық жарылыс болатындығын айтқан еді.

Аласапыран өзгерістер кезеңінде басқару билігін қолына алған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халықтың тәуелсіздікке ұмтылған жолына жетекшілік етті. Ғасырлардың үзілген алтын арқаулары қалпына келтіріліп, халықтың даңқты дәстүрлеріне кеңінен жол ашылды, тәуелсіз мемлекеттің

іргесі мықтап қаланды. Қазақстанның күн сәулелі көк зеңгірінде қалықтаған алтын бүркітті көк туы биікте желбірей бастады. Ұлт рухы серпілді де, бірлік орнады. Тағдыр тәлкегіне ұшырап, әлемге тарыдай шашырап кеткен отандастар атамекенге қайтып орала бастады. Халық бірлігін үндеп жариялаған Елбасы кімде кім қайда жүрсе де, олардың артында өздеріне тірек болатын Отаны барлығын және оларды жылы қабылдауға отандастары дайын екендігін барлығына айқын түсіндірді. Өте қауіпті ядролық қарудан бас тартып, жер бетіндегі бейбітшілікті сақтап, қауіпсіздікті нығайтуға үлкен үлес қосып отырған қазақ мемлекеті тұрақтылық пен келісім тұрағына айналды.

Нұрсұлтан Назарбаев дамыған тәуелсіз мемлекет басында болып, негізін қалап қана қойған жоқ, ол Елорда салды. Бүгін Астана әлемдік деңгейдегі тамаша қалаға айналды. Астанада әлемдік діндер басшыларының, мемлекеттер басшыларының және мәдениет қайраткерлерінің кездесулері өтеді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы өз елін прогресс жолына жетелеп келе жатқан қуатты да ықпалды көшбасшы деген үлкен бедел нық бекіді. Қазіргі заманның қабілетті де талантты басшыларының шоғыры арасында ол сирек кездесетін көреген дарынымен және мемлекеттік қызметтің ең басым да маңызды бағыттарына күш-жігерін жұмсау біліктілігімен ерекшеленеді. Н.Ә.Назарбаев қана елді жаппай бейберекетсіздіктерден ең сәтті мемлекеттер қатарына шығара алды. Ол мемлекеттік жүйені ғана емес, демократия дәстүрлері мен өз мемлекеттілігін жоғалтқан халықтың ділдік өзгешелігін түбірімен өзгерту үшін бар күшін салып жұмыс істеді. **Ол тек қана басқарып отырған жоқ, өз халқына қызмет етіп отыр.**

Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіздік бастауында болып, туған елін заманауи мемлекеттер деңгейіне көтеруін тарих алдын ала шешіп қойған. Енді бүгін оның жүйелі саясаты мен жігерлі іс-әрекеттерінің нәтижелері сезіліп отыр. Қазақстан бүкіл әлемге белгілі болды.

Қазақстан Президенті өз халқына шексіз сенеді, ол бұл сенімін маңызды міндеттерді шешуге бағыттайды. Нәтижелер де айқын. Бүкілдүниежүзілік экономикалық форум анықтайтын бәсекеге қабілеттілік рейтингісінде Қазақстан адамзаттық даму индексі бойынша енді 51-ші орынға ие болды: біз бірнеше жыл бұрын Президенттің әлемдегі ең бәсекеге қабілетті 50 ел қатарына ену мақсатын орындадық. Ендігі меже – отыздық.

Қазақ жері дала демократиясының рухы жайлаған қасиетімен үнемі тартымды. Бүкіл атқарушы билік хан қолында болғанымен бейбіт келісім жасау, соғыс жариялау, жайылымдарды қайта бөлу, көшіп қону бағыттары сияқты маңызды мемлекеттік мәселелерді жылына бір рет жиылатын сұлтандар мен қауымдар өкілдерінің құрылтайы шешті. **Сол кезде билер кеңесінің бұл институты қазіргі парламент рөлін атқарды.**

Орыс ғалымы А.И.Левшиннің пікірлеріне қайта оралсақ, оның мына сөздерін келтірейік: «Кіші орданың ақылды қырғыздары біздің халқымыз да тыныштықта өмір сүрген, бізде де тәртіп болған, заңдар мен сот төрелігі болған дейді. Олар күрсіне еске алған бұл Алтын ғасыр – атақты Тәуке хан

патшалық құрған кез. Егер аңыздарға сенсек, ол шынында да өз кезінің ғұламасы болған, қазақ жылнамаларында да Солондармен және Ликургтармен қатар тұруы тиіс. Ұзақ толқыған рулар мен ұрпақтарды сабасына түсірген ол оларға құрылым, тәртіп енгізіп қана қойған жоқ, көптеген заңдар да берді. Үлкен және Орта ордалардың қырғыздары (қазақтары) олардың халықтық заңдары Тәуке ханнан әлдеқайда көне екендігін айтып сендірді».

«Отан деген ұлы ұғым бар, – деп ой бөлісті Елбасы өзінің өткен жылғы Ұлытаудағы маңызды сұхбатында, – Сондықтан өз тарихымызды білуіміз керек. Өз тарихын білмейтін және қадірлемейтін халықтың болашағы мүлдем бұлыңғыр». Президент бұл сөздерін: «Ескі еменнің тамыры терең болмаса, дауылға қарсы тұра алмайды» деп бейнелі теңеумен бекітті.

Нұрсұлтан Әбішұлы ел болашағы туралы айта келе ол міндетті түрде жарқын болады деп есептейді. Себебі, біз бірде бір елге қастандық ойламайтын бейбіт сүйгіш халықпыз. Біз ешкімге де жау емеспіз. Айналамыздағының барлығы да жау емес. Алайда біз кез келген жағдайда мемлекет қауіпсіздігі мен жер тұтастығы туралы ойлауға тиіспіз. Қазақстан бірлігі – бұл біздің көпұлтты халқымыздың бірлігі.

Әлемде қуатты экономикалық ауқаттылығын ғана емес, бай рухани-мәдени әлеуетті де үнемі қадірлейді. Егер республикамыздың жер қойнауы мен басқа табиғи байлықтар арқасында жедел дамып өркендеуге барлық жағдайлар болса, ұлттың рухани әлеуеті өмірлерін халыққа арнап, іс-әрекеттері оның даңқын асырған қазір арамыздағы адамдар бойына дарыған қасиет.

Нұрсұлтан Назарбаев кейде қоғам таптаурын даму жолына түсе алмай, дағдылы сүрлеу жол шегінен шыға алмайтынын, уақыттың жаңа еліктеулерінен бас айналып, халық күмәнға түсетінін айтады. Ал мұндай абыржудан шығу жолын халықтан шыққан ерекше қабілетті тұлғалар ғана көрсете алады...

Ұлы дала ғасырлар бойы осындай тұлғаларға бай болды. Сол Ұлы дала ежелден Байқалдан Балқанға дейінгі Еуразияның ұлан-ғайыр аймағында аса қуатты империялар құрған, тарих дамуына өзгерістер енгізген көптеген аса көрнекті тұлғалар туғызған барлық түрік халықтарының жұлдызды күмбезі қызметін атқарды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «жана еуразиялық» идеясында жарқын көрініс берген бұл ұлы мақсатты іске асырудың өскіндері мен негізі қаланды. Елбасының бұл идеясы Қазақстанның интеграциялық, көшбасшылық миссиясын ұлғайтуға ықпал етті. Осыдан жиырма жыл бұрын 1994 жылы наурызда Нұрсұлтан Әбішұлы Мәскеу мемлекеттік университеті қабырғасында тең құқылы тәуелсіз мемлекеттердің Еуразиялық одағын құру туралы бастамасын жария етті.

Назарбаевтық еуразиялық тұжырымдаманың сындарлылығы оның басымдығын танытады. Қазақстан Президенті әдемі ұрандар ғана емес, идеяны нақты іске асыруды ұсынды. Ал бұл мұрат біздің байырғы тарихи байланыстарымыз негізінде жасалды. Бүгінде Ресей мен Қазақстан көптеген

өлшемдер бойынша жаңа одақтың өзіндік қазығын қадап отыр. Біріншіден, осы екі мемлекет қана екі құрлықта орналасқан және осы одақтың негізгі қызметін атқаратын алып күш. Екіншіден, олар жер қойнауы байлығы мен өздерінің экономикалық әлеуеті бойынша басты орын алады. Үшіншіден, оларға көпғасырлық тығыз байланыстар тән.

Енді міне Нұрсұлтан Назарбаевтың жүрегінде туған Еуразиялық экономикалық одақ шындыққа айналды. Бұл одақ біздің халықтарды біріктіріп, олардың игілігіне қызмет етуі тиіс.

Құрметті достар!

Халық ұлт көшбасшысына сенеді және оның есімімен мемлекеттің өркендеуін байланыстырады. Бұл туралы соңғы президенттік сайлау қорытындылары айқын дәлелдеп берді.

Міне, енді ұлт көшбасшысы мемлекет тізгінін қайтадан қолға алған жоғары қызметінде халықты Қазақстан мемлекеттілігін нығайтып, әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру мұратына бағыттауды жалғастыруда. Дәл осы мақсатта ол мемлекеттік аппаратты, сот жүйесін, өнеркәсіпті, ұлттық сәйкестік пен қоғамның тұрақтылығын қамтитын бес институционалдық реформаны ұсынды. Бұл еліміз үшін зор міндет және ауқымды жұмыс, мұндай реформалардың нәтижелі болуы халықтың мықты ерік-жігерімен ғана қамтамасыз етілуі мүмкін.

Президент Қазақстан қоғамының одан әрі ұйысып нығаюын маңызды реформалардың бірі ретінде атады. Қазақстанның барлық азаматтары бір құқық көлемін пайдаланып, бір жауапкершілік ауыртпалығын сезінуі тиіс, тең мүмкіндіктер қолжетімділігін иеленуі қажет.

Осылайша, болашақ біртұтас ұлт құрылады, ал бес институционалдық реформа – бұл қоғам мен елімізді бірлік пен тұрақтылыққа әкелетін және қазіргі заманның озық мемлекеттері қатарына шығаратын бес қадам.

Қазақстан тәуелсіздігін алған алғашқы күннен бастап біздің тұңғыш Президентіміз қазақтардың ұлттық мұрасының сақталып, тілінің, мәдениеті мен дәстүрлерінің одан әрі дамуы туралы әрдайым қамқорлық жасап келеді. Оның бастамасымен бірқатар ауқымды жобаларды қамтыған «Мәдени мұра» бағдарламасы дайындалды. Осы жоба көлемінде біздің институт жүзтомдық «Бабалар сөзі» сериясын шығарды. Әлемде теңдессіз бұл жүзтомдық тәуелсіз Қазақстанның руханиятын байытты. Бұл басылым Елбасының: «Рухы күшті халық қана қуатты мемлекет құра алады» деген сөздеріне дәлел бола алады.

Мен өз баяндамамды Нұрсұлтан Әбішұлының мына сөздерімен аяқтағым келеді:

«Қазақстан тарихтың даңғыл жолынан алыста болды деп есептейтіндер кателеседі. Оның көне жерінде адамдар сияқты балалық, жастық және кемелдік шақтарын өзінің өркендеу, күйреп күлден қайта түлеу дәуірлерін бастан кешкен көптеген мемлекеттік құрылымдар тіршілік етті.

Тәуелсіздіктің қалпына келуі – біздің бабаларымыздың азаттық үшін көпғасырлық күресте келтірген құрбандықтарының заңды өтемі. Тағдырдың өз еркімен іске асырған тарихи әділеттілігінің салтанаты. Кең байтақ осы

жерімізді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған аталарымыз бен бабаларымыздың еңбегі».

Иә, біз бабаларымызды қастерлей отырып, қазақ халқының бостандық сүйгіш рухымен алға нық сеніммен жылжимыз. **Біздің халқымыз бұл рухты Қазақ хандығы кезінен бастап тәуелсіз мемлекет құрғанға дейін биік ұстап келеді.**

Тарихи зерде қазақ халқын Ұлт көшбасшысы маңына бірігіп, уақыт шақыруына жауап беруге, қазіргі әлемнің жетекші мемлекеттерінің біріне айналуына көмектесті. Қазақ хандығынан басталған сан ғасырлық күрес жолы Егемен Қазақстанның Көк байрағын көкке желбіретіп тұр.

Сіздердің барлығыңызға халықтар арасындағы бейбітшілікті сақтау мен адамзаттың өркендеуі жолындағы озық күштердің бірігуі жөніндегі ізгі қызметтеріңізге сәттілік тілеймін!

**Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
директоры, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті,
филология ғылымдарының докторы**